

Қосымша 1.

*«Алматыжылужайэнерго» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігіндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
саясатына*

Осы нысан ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында және Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіңізге қабылдайтығыңызды растау мақсатында пайдаланылады.

Толтырылған және қол қойылған растау нысаны Кәсіпорындағы еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерін атқарған күннен бастап Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке ісінде сақталады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім нысаны

Мен, _____,
(тегі, аты, әкесінің аты)

_____,
(лауазымын көрсету)

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, «Алматыжылужайэнерго» ЖШС-дегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын сақтау, менің өкілеттіктерімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу мақсатында өзіме мынандай сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын:

1) Кәсіпорында өзінің қызметтік міндеттері мен өкілеттіктерін (функцияларын) орындаумен үйлесімді емес қызметті жүзеге асырмау;

2) бір бөлімшеде лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің өздерінің жақын туыстарымен (ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері), жұбайлары мен жекжаттарымен (бауырлары, апа-сіңлілері, жұбайының (зайыбының) ата-аналары мен балалары) немесе - егер бөлімшелер әртүрлі болса - лауазымы функционалды түрде (бизнес-процестер бойынша) жақын туыстары атқаратын лауазымдармен байланысты болса, бірге болуға жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды өзі үшін не үшінші тұлғалардың мүддесі үшін алу немесе шығару мақсатында үшінші тұлғалардың ресми таратуына және пайдалануына жатпайтын Кәсіпорынның құпия, коммерциялық, қызметтік және өзге де ақпаратын пайдалануға жол берілмеуі;

4) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінен, контрагенттерден, тұтынушылардан және үшінші тұлғалардан мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе шығару мақсатында не өзінің қызметтік жағдайын және лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, Кәсіпорынның басқа қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының, тұтынушылардың, контрагенттердің және үшінші тұлғалардың мүдделері үшін заңсыз материалдық сыйақыны (қандай да бір нысанда) қабылдауға жол берілмеуі;

5) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде алаяқтыққа, жымқыруға, ұрлауға, ысырап етуге немесе Кәсіпорынның мүлкіне, оның қызметкерлеріне, тұтынушыларына, үшінші тұлғаларға және контрагенттерге өзге де залал мен зиян келтірумен байланысты іс-әрекеттер жасауға жол берілмеуі.

(қолы, ТАӘ, лауазымы, күні)

Қосымша 2.

«Алматыжылужайэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына

Осы нысанды ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және «Алматыжылужайэнерго» ЖШС-дегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын адал ұстануға және мүлтіксіз сақтауға міндеттенетініңізді растау үшін пайдаланыңыз.

Толтырылған және қол қойылған растау нысаны Кәсіпорындағы еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерін атқарған сәттен бастап Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке ісінде сақталады.

Растау

Өтініш, тиісті ұяшықтарды белгілеңіз:

- Мен «Алматыжылужайэнерго» ЖШС-дегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын зерттегенімді растаймын;
- Мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында, «Алматыжылужайэнерго» ЖШС-дегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін;
- Маған ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, «Алматыжылужайэнерго» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзған жағдайда менің жауапкершілікке тартылатыным, оның ішінде ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен атқаратын қызметімнен босатылатыным туралы ескертілді.

Өтініш, мұнда қол қойыңыз

(ТАӘ, лауазымы)